

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды
балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-
интернатының
2024-2025 оқу жылының тамыз айында өткен педагогикалық кеңесінің
№ 5 хаттамасы**

Күні: 22.05.2025ж

Уақыты: сағ 14:10

Қатысқандар: 33

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы «Емтихан- жауапты кезең»

Күн тәртібі:

1. № 4 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы.
2. IV тоқсан, жылдық қорытынды: білім сапасы, нәтижелер, шешімдер.
 - 2.1 7,8,10 - сынып оқушыларын қазақ тілі пәні емтиханына жіберу.
 - 2.2 9,11- сынып білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу.
 - 2.3 7,8,10 – сыныптардың «Қазақ тілі» пәні емтихан тапсырмаларын бекіту.
 - 2.4 2026-2027 оқу жылында 7 сыныпқа және 7, 8 – сыныптарға және бос орындарға қабылданған оқушылар тізімін бекіту.
 - 2.5 Мемлекеттік үлгідегі құжаттар толтыру комиссиясын құру.
3. **Менторлар алаңы:** сынып жетекшілер және тәрбиешілер үштік одақ жұмысы бойынша біріккен қолдану үлгілерін көрсетеді.
4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру тетіктері.
5. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
6. 2025-2026 оқу жылында жетістікке жеткен ұстаздар мен оқушыларды марапаттау.
- марапаттауға ұсыну.

Тыңдалды:

1. **Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша** мектеп директоры А.Н.Курмашева № 4 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуына тоқталды.
2. Оқу мотивациясы төмен оқушылардың ата-аналарына мектеп жарғысына сәйкес 3-тоқсанның қорытындысы бойынша ескерту берілді.
3. Қорытынды аттестаттау емтихан мерзімі бекітілді.
4. 11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге дайындық жұмыстары тұрғылықты түрде жүргізілуде.
5. Ұстаз платформасына аттестаттаудан өтетін мұғалімдер құжаттарын жүктеп, аттестациялық комиссия жұмыстары жүргізілді.
6. Жатақхана тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілер мен тәрбиешілермен бірлескен жұмыс атқарылуда.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша IV тоқсан және 2025–2026 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша білім сапасының көрсеткіштері қарастырылды. Мектеп бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасына талдау жасалып, әр сыныптың нәтижелері сараланды.

Жалпы сыныптар бойынша білім сапасы төмендегідей: 7 «А» – 76,5%, 7 «Ә» – 77,8%, 8 «А» – 100%, 8 «Ә» – 76,5%, 8 «Б» – 94,4%, 9 «А» – 93,8%, 9 «Ә» – 93,8%, 9 «Б» – 80%, 10 «А» – 93,8%, 10 «Ә» – 94,1%, 11 «А» – 100%, 11 «Ә» – 100%. Жалпы талдау нәтижесі бойынша мектептің орташа білім сапасы 92% құрады. Бұл көрсеткіш мектеп бойынша оқу үдерісінің тұрақты деңгейде екенін көрсетеді. Дегенмен кейбір сыныптарда білім сапасының салыстырмалы түрде екені анықталды. Атап айтқанда, 7 «А», 7 «Ә», 8 «Ә» және 9 «Б» сыныптарында көрсеткіштер орташа деңгейде қалып отыр. Бұл сыныптарда оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, пәндік олқылықтарды жою және жеке қолдау жұмыстарын күшейту қажеттігі туындайды. Сонымен қатар бірқатар сыныптар жоғары нәтижелер көрсетіп отыр. 8 «А», 11 «А» және 11 «Ә» сыныптары 100% білім сапасына қол жеткізіп, оқу үлгерімінің жоғары деңгейін көрсетті. Бұл сыныптардағы пән мұғалімдерінің жүйелі жұмысы мен оқушылардың жауапкершілігі оң нәтиже бергені атап өтілді. 8 «Б», 9 «А», 9 «Ә», 10 «А» және 10 «Ә» сыныптары да 93–94% аралығында тұрақты жоғары көрсеткішке ие болып отыр.

2.1 сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

К.А.Мухаметжанова 7, 8, 10- сынып оқушыларын қазақ тілі пәні емтиханына жіберу жөнінде мәлімет ұсынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы 1-қосымша 2-тарау талабы бойынша «Қазақ тілі» бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі. «Қазақ тілі», пәні бойынша қорытынды баға емтихан (бес балдық шкала бойынша) және жылдық бағалау (бес балдық шкала бойынша) нәтижелері негізінде 30-дан 70-ке пайыздық ара-қатынаста қойылады. Қорытынды бағалау ең жақын бүтінге қарай дөңгелектеледі.

Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты – 180 минутты құрайды (жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды, оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген).

7, 8, 10- сыныптарда оқу жоспарының барлық пәндері бойынша оқу мазмұнын толық игерген «Қазақ тілі» пәнінен аралық аттестаттауға емтихан тапсыруға ұсынылады:

1. 7А сыныбы -17 оқушы пән мұғалімі Муратов М.Б
2. 7Ә сыныбы -18 оқушы пән мұғалімі Ахат А.Д;
3. 8А сыныбы -17 оқушы пән мұғалімі Ахат А.Д;
4. 8Ә сыныбы-17 оқушы пән мұғалімі Ахат А.Д;
5. 8Б сыныбы-18 оқушы пән мұғалімі Даулеткалиева Т.Б;

6. 10 А сыныбы-16 оқушы пән мұғалімі Даулеткалиева Т.Б.

7. 10 Ә сыныбы-17 оқушы пән мұғалімі Ахат А.Д.

7-8 сынып аралығында 87 оқушы, 10-сыныптарда 33 оқушы, емтиханға қатысатын жалпы оқушы саны 120 оқушы.

2.2 сұрақ бойынша директордың оқу жөніндегі орынбасары:
К.А.Мухаметжанова

9 (10)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 2 маусым -15 маусым аралығында.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларын толық меңгерген 9-сыныптардың 47 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілуі ұсынылады:

9 «А» сыныбынан 16 оқушы:

- 1.Абилов Арнур Мауленович
- 2.Ақанай Марғұлан
3. Асалбек Елдос
4. Аскерова Салтанат Бауржановна
5. Базарқызы Нұрғаным
6. Жолаушыбай Айсұлу
- 7.Касенова Айдана
8. Кадирова Улжан Талғатқызы
9. Молдаберген Кәусәр Әркінқызы
- 10.Нұрсұлтан Ақниет Бейбітқызы
11. Сабыр Айсұлтан Мерекеұлы
12. Талғат Бейбарыс
- 13.Теміржан Темірлан
14. Серікжан Дінмұхаммед
15. Хамидулина Акнур Амангельдиновна
- 16.Шамыхан Гүлайна Мұратқызы

9 «Ә» сыныбынан 16 оқушы:

- 1.Абсалям Алдияр Ерболатұлы
2. Абуова Дильназ Дулатовна
3. Баянбай Әмина Берікқызы
4. Болатхан Мирас Саянұлы
- 5.Ережепов Санжар Аманжолович
- 6.Ерсін Әмірхан Арманұлы
- 7.Жаналы Самат Жеңісұлы
8. Жанузак Ажар Чингизқызы
- 9.Жунусова Аружан Болатбековна
- 10.Маратова Жансая Бауыржановна
11. Рахман Айтолқын Еркешқызы
12. Сағидулла Айғаным Ақылбекқызы
13. Сағынтай Жаннұр Дастанқызы
14. Ташен Батырлан Жеңісұлы
- 15.Темеш Мирас Ғабитұлы
16. Хурметова Азиза Арнуровна

9 «Б» сыныбынан 15 оқушы:

1. Алданышұлы Ердінұр
2. Арин Іңкәр Ерболатқызы
3. Бақыткерей Мади Ғалымгерейұлы
4. Бекетова Аделя Алибековна
5. Дотей Айым Тілеубекқызы
6. Жеңіс Алуа Азаматқызы
7. Зенда Исламали Асхатұлы
8. Кадирбекова Дария Саяновна
9. Карпыкова Айлина Ерболовна
10. Қаирбек Асылайым Әлібекқызы
11. Қарқын Дархан Сержанұлы
12. Өсен Диана Жамбылқызы
13. Сагандыкова Дильназ Ерлановна
14. Сері Жұлдызай Мейрамқызы
15. Сәндібек Назерке Еркебұланқызы

9-сыныптардан 47 білім алушы қорытынды аттестаттауға жіберу ұсынылады.

9-сыныптардан «Үздік аттестат» үміткер оқушылар: (9 Ә сыныбынан -5, 9 Б-3 оқушы):

1. Ережепов Санжар
2. Жүнісова Аружан
3. Маратова Жансая
4. Рахман Айтолқын
5. Темеш Мирас
6. Бекетова Аделя
7. Карпыкова Айлин
8. Дотей Айым
9. Баянбай Әмина

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын толық меңгерген 11-сыныптардың 35 түлектері қорытынды аттестаттауға жіберілуі ұсынылады:

11 «А» сыныбынан -17 оқушы:

1. Ақтан Меруерт Нұрлыжанқызы
2. Алдыкова Айна Аслановна
3. Арғын Алишер Қуанышұлы
4. Амангелді Мерей Жомартқызы
5. Аманжол Аяжан Айдарқызы
6. Ашкенова Нургуль Илюбаевна
7. Жаксылық Даяна Жолдасбекқызы
8. Жалынбек Аяжан
9. Кабылжапарова Махаббат Булатовна
10. Қадырова Жансая Есенбаевна
11. Каиржанова Перизат Болатовна

12. Қайролла Асанәлі Алматылы
13. Құлшымбек Қарлығаш Нүсіпжанқызы
14. Құрман Досымжан Айдарұлы
15. Лашынтай Фархат Ақтайлақұлы
16. Сәду Мейрам Төлегенұлы
17. Тогтау Имангали

11«Ә» сыныбынан -18 оқушы:

1. Аденбай Айсұлу
2. Башарова Фариза
3. Бейсенбай Жұлдыз
4. Камалова Турсынай
5. Қабақбай Томирис
6. Қаратай Саят
7. Қорқытбаева Ділнәз
8. Құдайберген Назым
9. Махмет Алаш
10. Сабит Асылхан
11. Садыкова Томирис
12. Саркен Айғаным
13. Сармурзин Жанмир
14. Сейсен Әлима
15. Турисбекова Алина
16. Унбет Гүлназ
17. Үсен Қазына
18. Шалгынбаева Мерей

11-сыныптардан «Алтын белгіге» үміткерлер:

1. Алдықова Айна
2. Аманжол Аяжан
3. Жақсылық Даяна
4. Құлшымбек Қарлығаш
5. Саркен Айғаным

11-сыныптардан «Үздік аттестатқа» келесі үміткерлер ұсынылады:

Сейсен Алима

Қабақбай Томирис

Амангельды Мерей

2.3 сұрақ бойынша «Қазақ тілі» пәнінің мұғалімдері Муратов М.Б., Ахат А.Д., Даулеткалиева А.Д., сөз алып, 2025–2026 оқу жылының қорытынды аттестаттауы мен аралық емтихандарына арналған 7, 8, 10-сыныптардың «Қазақ тілі» пәні бойынша емтихан тапсырмалары әзірленгенін хабарлады. Емтихан материалдары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, оқу бағдарламасына және әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес дайындалғаны айтылды.

Пән мұғалімдері емтихан тапсырмаларының мазмұны оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын бағалауға бағытталғанын атап өтті. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктері мен сынып деңгейіне сәйкес құрастырылып, пән бойынша алған білімдерін жан-

жақты тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тапсырмаларда оқу бағдарламасында қарастырылған негізгі бөлімдер мен оқу мақсаттары толық қамтылғаны айтылды. Ән мұғалімі әр сыныпқа арналған емтихан жұмыстарының құрылымына тоқталып, тапсырмалардың күрделілік деңгейлері сақталғанын, бағалау критерийлері мен дескрипторлары әзірленгенін мәлімдеді. Емтихан материалдары қазақ тілі мен әдебиеті пәндері әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып, мақұлданғаны туралы ақпарат берілді.

2.4 сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухаметжанова К.А.

2026-2027 оқу жылында 7-сыныпқа қабылданатын оқушылар тізімі:

I. «Мың бала» ұлттық олимпиадасының жеңімпаздары (емтихансыз қабылданғандар):

1. Олимпиада жеңімпазы
2. Олимпиада жеңімпазы
3. Олимпиада жеңімпазы
4. Олимпиада жеңімпазы

II. № 564 бұйрыққа сәйкес квотасы бар үміткерлер:

5. Мырзабай Нұржан Жеңісұлы (Жалпы ұпай: 119)
6. Жұмабек Балауса Назымбекқызы (Жалпы ұпай: 88)
7. Жанетбай Сезім Исламқызы (Жалпы ұпай: 54)
8. Ермұрат Елнұр (Жалпы ұпай: 46)
9. Бекболат Айғаным Жарасқанқызы (Жалпы ұпай: 36)
10. Ерлан Мариям Русланқызы (Жалпы ұпай: 35)

III. Жалпы конкурс бойынша қабылданған оқушылар:

11. Ұзақбаев Әбдінұр Дарханович (Жалпы ұпай: 100)
12. Жарқын Исмет Қазбекұлы (Жалпы ұпай: 97)
13. Лашынтай Нұрсәт Алашұлы (Жалпы ұпай: 80)
14. Абай Әмир Асетұлы (Жалпы ұпай: 79)
15. Жақсылық Алан Айнұрлы (Жалпы ұпай: 70)
16. Танат Томирис Дарханқызы (Жалпы ұпай: 65)
17. Аманжол Бауыржан Қанатұлы (Жалпы ұпай: 64)
18. Ахметжан Айару Асланқызы (Жалпы ұпай: 61)
19. Серік Әбілмансұр Бағланұлы (Жалпы ұпай: 59)
20. Есентай Әлнұр Дулатұлы (Жалпы ұпай: 55)
21. Мұқаш Дидар Қуанышұлы (Жалпы ұпай: 52)
22. Кенжебай Күншуақ Өнерханұлы (Жалпы ұпай: 51)
23. Басымов Нұрәлі Аянович (Жалпы ұпай: 50)
24. Елхан Айкүнім Қадырханқызы (Жалпы ұпай: 48)
25. Үсен Береке Бұрханқызы (Жалпы ұпай: 47)
26. Дүйсенбай Ерсұлтан Сейітбекұлы (Жалпы ұпай: 45)
27. Жемпеисов Мәлік Саматович (Жалпы ұпай: 45)
28. Асылханұлы Мадияр (Жалпы ұпай: 40)
29. Жасұлан Айзада Боранқызы (Жалпы ұпай: 38)
30. Хуанған Қайсар Досболұлы (Жалпы ұпай: 38)
31. Жабай Әбілмансұр Алмасұлы (Жалпы ұпай: 38)
32. Сайдалин Даниал Назарбекұлы (Жалпы ұпай: 37)
33. Бауыржан Айлин Медетқызы (Жалпы ұпай: 35)

34. Қайрат Әли Жеңісұлы (Жалпы ұпай: 35)

35. Сүйіндік Нұрайым Мұратқызы (Жалпы ұпай: 33)

36. Сайлаухан Інжу Қадірбекқызы (Жалпы ұпай: 32)

2026-2027 оқу жылында 8-сыныпқа қабылданатын оқушылар:

1. Майранбек Іңкәр
2. Бабаев Темирлан
3. Қуандық Назерке
4. Мырзахан Тәңірберген

2.5 сұрақ бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухаметжанова К.А. мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыру жұмыстарының жауапкершілігі жоғары екендігін атап өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес білім алушыларға берілетін аттестаттар, негізгі орта білім туралы куәліктер, ерекше үлгідегі құжаттар және олардың қосымшалары мұқият әрі қатесіз толтырылуы тиіс екендігі айтылды. Құжаттарды рәсімдеу барысында техникалық қателіктерге жол бермеу, енгізілетін мәліметтердің дұрыстығын тексеру, білім алушылардың жеке деректерінің сәйкестігін бақылау және құжаттарды уақытылы дайындау мақсатында мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыру жөніндегі комиссия құру ұсынылды.

Комиссияның негізгі міндеттері ретінде:

- ✓ мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- ✓ білім алушылар туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;
- ✓ бағалардың қорытынды нәтижелермен сәйкестігін бақылау;
- ✓ құжаттарды рәсімдеу кезінде нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- ✓ дайындалған құжаттарды қайта тексеріп, қабылдау белгіленді.

3. Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшілері мен тәрбиешілер білім алушының жан-жақты дамуын қамтамасыз етудегі «Үштік одақ» қағидатының маңыздылығы туралы баяндады. Жұмыс барысында мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі және тәрбиеші арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, тәрбиелік іс-шараларды бірлесіп жоспарлау және жүзеге асыру тәжірибелері ұсынылды.

Менторлар алаңында сынып жетекшілері мен тәрбиешілер тәрбие жұмысты ұйымдастырудың тиімді әдістері мен бірлескен жұмыс үлгілерін көрсетті. Атап айтқанда:

білім алушылардың тәрбиелік деңгейін бақылау және талдау жүйесі;
оқушылармен жеке жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері;
ата-аналармен серіктестік орнатудың тәжірибесі;
құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар;
патриоттық, рухани-адамгершілік және экологиялық тәрбие беру іс-шараларын ұйымдастыру үлгілері;
қиын жағдайдағы оқушылармен жүргізілетін қолдау жұмыстары.

Сынып жетекшісі мен тәрбиешінің ортақ жоспарлау және мониторинг жүргізу тәжірибесі таныстырылды. Қатысушылар бірлескен жұмыстың нәтижесінде оқушылардың тәртібі мен оқу мотивациясының жақсарғанын, мектеп пен отбасы арасындағы байланыстың нығайғанын атап өтті.

4.Төртінші мәселе бойынша тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Каиржанова М.Н «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттары туралы баяндама жасады. Баяндамашы бағдарламаның басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, жауапкершілігі жоғары, білімді, еңбекқор, отаншыл және адал тұлға қалыптастыру екенін атап өтті.

Бағдарлама аясында білім алушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық, заң мен тәртіпке құрмет, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың жүргізіліп жатқандығы айтылды. Сонымен қатар тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында құндылықтарға негізделген тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне кіріктірудің маңыздылығы көрсетілді.

Баяндамашы тәрбие жұмысын тиімді жүзеге асыру үшін сынып сағаттары, тәрбиелік жобалар, еріктілер қозғалысы, дебат клубтары, мектеп парламенті, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар арқылы оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығын нығайту, ата-аналарды тәрбиелік іс-шараларға кеңінен тарту, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігіне назар аударылды.

Бағдарламаны іске асыру барысында құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесін қалыптастыруда педагогтердің кәсіби шеберлігі мен үлгі-өнегесінің ерекше рөл атқаратыны айтылды. Педагогикалық кеңес мүшелері ұсынылған ақпаратты талқылап, бағдарламаны жүзеге асырудың тиімді жолдары жөнінде пікір алмасты. Қатысушылар құндылықтарға негізделген тәрбие беру жұмыстарының оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер ететінін атап өтті. Бағдарлама аясында жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың қоғамдық белсенділігі артып, мектеп өміріне қатысу деңгейінің жоғарылағаны, еріктілік және қайырымдылық қызметтерге қызығушылығының өскені туралы мәліметтер ұсынылды.

5. Бесінші сұрақ бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: М.Н. Кайржанова оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы ақпарат беріп өтті.

Жазда, демалыстың басталуымен біздің балалардың жолдарда, су айдындарында, орманда, ойын алаңдарында, бақшада, аулаларда болуларына байланысты өмірлеріне қауіптілік артады. Бұған ауа-райы, жазғы сапарлар және балалардың қызығушылығы, бос уақыттың қол жетімділігі, ең бастысы, ересектер тарапынан тиісті қадағалаудың болмауы ықпал етеді. Балалардың ата-аналарымен, туыстарымен, достарымен демалуын ұйымдастырған кезде олардың дендері сау және өмірлеріне қауіп төнбеу үшін бірқатар ережелер мен шарттарды есте сақтау қажет.

Жаз демалыс үшін өте жақсы кезең. Өзіне және өз денсаулығына пайдалы су жанында демалу үшін жүзу, судағы жүріс-тұрыс қағидасын білу қажет Шомылуға аса қолайлы режимдер:

- тамақ ішкеннен соң 1,5 сағат уақыттан кейін шомылған жөн;

- балалар жағаларында шомылған дұрыс, олар төтенше жағдайлардың алдын алуға арналған қажетті құралдармен жабдықталған және қамтамасыз етілген;

- ұмытпандар, балаларға, жанында ересектер болғанда ғана шомылуға рұқсат етіледі;

Барлығы мынаны есте сақтаған жөн:

- тек рұқсат етілген және қасында ересектер болған жағдайда шомылуға болады;

- таныс емес жерлерде сүнгуге болмайды – түбінде батып кеткен бөренелер, тастар, тырбиған ағаштар болуы мүмкін;

- батпақты жерлерде, балдырлар мен ұйықтар бар жерлерде шомылмаған жөн;

- еш жағдайда үрлемелі матрастармен, автокөлік камералармен, үрлемелі ойыншықтармен жүзуге болмайды – қол астындағы құрал сынып қалуы, жыртылып қалуы мүмкін, адам күтпеген жерде суда қалады, бұл тіпті жақсы жүзе алатын адам үшін де өте қауіпті;

- қайыққа жармасуға, навигациялық жабдық белгілерінен (бакендер, буйқтар мен т.б.) асып кетуге болмайды;

- дауылды ауа райында немесе қатты толқында шомылуға болмайды;

- егер де сіз қатты су ағысына түсіп қалсаңыз, ағысқа қарсы жүзбеңіз, оған сіздің күшіңіз жетпейді, бұл жағдайда ағыс бойымен жүзіңіз, біртіндеп жағаға жылжый беріңіз;

- егер тартпаға түсіп қалсаңыз, қорықпаңыз, көбірек ауа алып, сүңгіңіз және одан кері қарай бұрылыңыз;

- егер етіңіздің сіңірін тарып қалса, арқаңызға жатып жағаға қарай жүзіп, сіңіріңіз тартылып қалған жерді уқалаңыз;

- көмекке ересектерді шақыруға ұялмаңыз;

- жалған дауыс беруге болмайды.

Ұсыныс:

1. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздік ережесімен таныстыру.

2. «Жазғы демалыс» кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі жайлы аталардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері бойынша нұсқаулықтар беру. (презентация, видео т.б.)

6. Алтыншы мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтар мен оқушыларды марапаттауға ұсыну бойынша директордың бейінді жөніндегі орынбасары Торсунова Б.Р. сөйледі:

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадаларда, ғылыми жобалар конкурстарында, интеллектуалдық және шығармашылық байқауларда жоғары нәтижелер көрсеткен төмендегі оқушылар марапатталды:

• Аскерова Салтанат – «Менің шағын Отаным» республикалық интеллектуалдық конкурсының I орын иегері;

- Құлшымбек Қарлығаш – республикалық және шығармашылық байқаулардың жеңімпазы және жүлдегері;
- Жақсылық Даяна – республикалық байқаудың ІІІ орын иегері;
- Имантай Жансұлу, Дүйсенбек Ақерке – республикалық ғылыми жобалар байқауының ІІ орын иегерлері;
- Баянбай Әмина – республикалық ғылыми жобалар байқауының ІІІ орын иегері;
- Сейсен Әлима – республикалық олимпиаданың ІІІ орын иегері;
- Қабақбай Томирис, Есмағанбет Ақниет – республикалық олимпиаданың ІІІ орын иегерлері;
- Тоқтау Иманғали, Лашынтай Фархат – «Astana Tech Cup» республикалық чемпионатының ІІ орын иегерлері;
- Құрман Досымжан, Қайролла Асанәлі, Махмет Алаш – республикалық чемпионаттың І орын иегерлері;
- Сайлаубай Асылжан – «Яссауитану – 2026» байқауының ІІІ орын иегері;
- Алтынбек Сағыныш – «ProEco» экологиялық жобалар байқауының ІІ орын иегері;
- Ережепов Санжар, Темеш Мирас – «Infomatrix Asia – 2026» халықаралық байқауының ІІІ орын иегерлері;
- Базарқұл Мадияна – «Көшбасшылар» республикалық байқауының І орын иегері;

• Мұратбек Жанерке – «Көшбасшылар» байқауының диплом иегері.

Сонымен қатар оқушыларды жоғары деңгейде дайындап, олардың жетістіктерге жетуіне үлес қосқан педагогтер Темірбек И.Т., Онгарбай Ж., Ахат А.Д., Жетписбаева К.Б., Әдей Ж., Шарипов А.Б., Торсунова Б.Р., Сағатай А.А., Қайржанова М.Н. мектеп әкімшілігінің атынан алғыс хатқа ие болып, арнайы сыйлықпен марапатталды. Педагогикалық кеңес мүшелері жеңімпаздар мен жүлдегерлерді және олардың жетекшілерін құттықтап, алдағы уақытта да шығармашылық және зияткерлік жетістіктер тілейтіндіктерін білдірді.

№5 педагогикалық кеңестің ҚАУЛЫСЫ:

1. 7, 8, 10- сынып оқушылары «Қазақ тілі» пәнінен аралық емтихан тапсыруға жіберілсін.
2. 9, 11- сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауға жіберілсін.
3. 7, 8, 10 – сыныптардың «Қазақ тілі» пәні емтихан тапсырмалары бекітілсін.
4. 2026-2027 оқу жылына 8-9 сыныптарға бос орындарға қабылданған оқушылар тізімі бекітілсін.
5. 2026-2027 оқу жылына 7-сыныпқа қабылдау емтихандарынан өткен оқушылардың тізімі бекітілсін.
6. 11-сынып оқушылары облыстық, республикалық жетістіктері бойынша негізгі пәндерден мақтау грамотамен марапатталуға ұсынылсын.
7. Мемлекеттік үлгідегі құжаттар толтыру комиссиясы құрылсын

Педагогтер 2026-2027 оқу жылына бөлінген инвариант компонентінің оқу жүктемесі бойынша оқу бағдарламаларын зерделеп, ұзақ мерзімді жоспарлары дайындалсын.

9. Оқушылардың жазғы демалысы жүйелі ұйымдастырылсын.
10. 2025-2026 оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметіне мониторинг жүргізіліп, кеңес құрамы келесі оқу жылына жоспарлы жұмыстар атқарсын.
11. 2025-2026 оқу жылында жетістіктерге жеткен ұстаздар мен оқушылар марапаттауға ұсынылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Н. Курмашева

А.Ж. Бердалиева